Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт
№ 13

Сарыағаш қаласы « 08 » қазан 2015 жыл

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің атынан әрекет ететін аудан әкімінің орынбасары Таскулов Смайл Абубакирович бір тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын «СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысы негізінде әрекет ететін директоры Сыдыкова Бекзада Малдыбековна екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) және 08 қазан 2015 жылы бір көзден алу тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алудың №13 қорытынды туралы хаттамасы негізінде осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі келісімге келді:

1. Ұғымдар мен айқындамалар

1. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдарға мынадай түсінік беріледі:

1) «Тапсырыс беруші» - «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

2) «Бас мердігер» (бұдан әрі - Мердігер) – «СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

3) «Қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы)» - Шарт бойынша учаскеде (объектіде) жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен шарты және (немесе) келісімі бар адамды немесе ұйымды білдіреді;

4) «Техникалық қадағалаушы» - мердігерлік жұмыстарды Мердігердің Шарттың ережелеріне сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған адамды білдіреді;

5) «Объект» - мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Мердігердің Шартта көзделген түрде құрылуға, қайта жаңартуға және Тапсырыс берушіге беруге тиіс деп анықтаған ғимарат, құрылым;

6) «Учаске» - Объект құрылысын салуға немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақты білдіреді;

7) «Шарттың құны» - Шарттың Мердігер өзінің конкурстық өтінімінде көрсеткен және Тапсырыс беруші қабылдаған жалпы сомасын білдіреді;

8) «Шарт» - «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Мердігердің арасында ғимараттар мен құрылымдардың құрылысын салуға және жөндеу-құрылыс жұмыстарына жасалған азаматтық-құқықтық шарт. Шартқа оған қол қойылғаннан кейінгі барлық толықтырулар мен өзгерістер қабылдау жолымен жасалуы мүмкін. Шарт Жобалаушы мен Мердігер, Тапсырыс берушілер мен Қосалқы мердігерлер арасындағы қандай да бір шарттық қатынастар қалыптастыратындай түрде түсіндірілуге тиіс емес;

9) «Уақытша құрылыстар» - Объектінің құрылысын салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын салуды аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді;

10) «Материалдар» - Объект құрылысын салу үшін Мердігер мен Қосалқы мердігер пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді;

11) «Жабдық» - Мердігер мен Қосалқы мердігердің Объектінің құрылысын салу үшін учаскеде уақытша тұрған барлық машиналары мен тетіктерін білдіреді;

12) «Құрылыстың ұзақтық мерзімі» Мердігер Объектінің құрылысын салуды аяқтауға тиіс мерзімді білдіреді;

13) «Күндер» - күнтізбелік күндер, «айлар» - күнтізбелік айлар;

14) «Өзгерістер» - Тапсырыс беруші Шартқа қол қойылғаннан кейін берген өзгерістер;

15) «Ақау» - жұмыстардың Шарт ережелерін бұзып орындалған бөлігі;

16) «Шалалықтар мен ақауларды жою кезеңі» - жұмыстардың орындалуын тексеру үдерісінде табылған шалалықтар мен ақауларды жою кезеңі.

2. Шарттың мәні

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы – «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Тапсырыс беруші үшін мемлекеттік сатып алуды «Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» (Саңырау каналын механикалық тазалау) жұмысына жариялады және Мердігердің 1 761 210 (бір миллион жеті жүз алпыс бір мың екі жүз он) теңге (бұдан әрі - Шарттың бағасы) мөлшерінде осы жұмыстарды орындауға конкурстық өтінімін қабылдады. «Мердігер» «Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» (Саңырау каналын механикалық тазалау) жұмысын орындауды міндетіне алады.

3. Жұмыстар Жоба бойынша орындалады, объекті ОҚО Сарыағаш ауданы, Ошақты ауылдық округі аумағында орналасқан.

Бас жобалаушы: «Корпорация «Асыл Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ОҚО Шымкент қаласы, Спортивный мөлтек ауданы, №89 үй.

4. Төменде санамаланған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету;

3) жобалау-сметалық құжаттама/жұмыс сызбалары.

3. Шарттың құны және ақы төлеу шарттары

5. Шарттың жалпы сомасы 1 972 555,2 (бір миллион тоғыз жүз жетпіс екі мың бес жүз елу бес мың) теңге 2 тиын құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығындар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған барлық салықтар мен алымдар (бұдан әрі – Шарттың сомасы) енеді.

6. Қазынашылықтың аумақтық органында Шартты 122 аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты, 006 аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, 015 жергілікті бюджет қаражаты есебінен, 159 өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу бағдарламасына сәйкес 1 972 555,2 (бір миллион тоғыз жүз жетпіс екі мың бес жүз елу бес мың) теңге 2 тиын бойынша тіркеуден өткізу керек. Оның ішінде ҚҚС 211 345 (екі жүз он бір мың үш жүз қырық бес) теңге 2 тиын.

7. Тапсырыс беруші бюджеттік қаражаттың бөлуіне қарай және Тапсырыс беруші бюджеттік қаражаттың бөлінуіне қарай Мердігермен орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беру актісіне тараптар қол қойғаннан кейін төлейді.

Пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша Тапсырыс беруші Келісімшарт құнының 5 пайызын ұстап қалады. Мердігерге түпкілікті есеп айырысу жобалық сметалық құжаттамада қаралған барлық жұмыс түрлері орындалып, нысанды пайдалануға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісін ұсынылғаннан кейін және Мердігер сметада қаралған уақытша құрылыстар мен ғимараттарға қаралған соманың 15 пайызын бюджетке қайтарғандығын растайтын құжат ұсынғаннан кейін жүргізіледі.

8. Орындалатын жұмыстардың көлемі жобалық сметалық құжаттамаға сәйкес.

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) орындалған Жұмыстардың актісі.

4. Тараптардың міндеттемелері

10. Мердігер:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Мердігер Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың сомасынан 3 пайыз көлемінде төмендегідей түрде Шарттың орындалуын қамтамасыз етілуін енгізуге міндеттенеді:

Тапсырыс берушінің мынадай банктік шотына: ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті ЖСК KZ720705031223516001, БСК KKMFKZ2A. енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

банктік кепілдік.

3) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындау кезінде орындалатын Жұмыстардың осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Мердігер тарапынан жұмысқа тартылған персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға міндеттемелерді орындауға қажетті шамада құпия түрде ұсынылуы тиіс;

5) көрсетілген ақпаратты бұл персоналға Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада құпия түрде ұсынуға;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Мердігердің Шарттың талаптарын тиісті деңгейде орындамауымен және/немесе басқа да құқықтық іс-әрекеттерімен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

9) «Өнім беруші» Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне шығындар немесе залал келтірумен және өз қызметкерлерінің денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің мерт болуымен байланысты және Шартты орындау ағымында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады;

10) «Өнім беруші» «Тапсырыс берушінің» жазбаша рұқсатымен қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын шарт жасаса алады Қосалқы мердігерлердің болуы «Тапсырыс беруші» мен «Өнім беруші» арасындағы шарттың талаптарын өзгертпейді.

«Өнім беруші» шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерлік ұйымдарды тарткан жағдайда «Өнім беруші» қосалқы мердігерлік тиісті келісімшартты түзуге дейін мердігерлік ұйымды тартуға «Тапсырыс берушіден» рұқсат алуы тиіс. «Өнім беруші» осындай рұқсатты алғаннан кейін «Тапсырыс берушіге» қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымның лицензиясының көшірмесін қосымшасымен жұмыстарды өткізуге жоспарланған тізімі мен көлемдерін көрсете отырып, ресми сұрауларды жолдайды. «Тапсырыс беруші» қосалқы мердігерден жұмыстарды қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігердің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау мақсатында қосалқы мердігерлік ұйымның өзге де құжаттарын сұратуға құқылы.

Учаскеде қосалқы мердігерлер бар болса Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп отыруы тиіс.

Мердігер негізгі қызметтерге біліктілігі туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдайды. Бұл адамдарды басқасына ауыстырған кезде Мердігер мұндай ауыстыруға Тапсырыс берушінің келісімін алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтерде санамаланған қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

Егер Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, жұмыстарды орындаудан алыстатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 сағат ішінде жұмыс объектісінен кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа ие болмауы тиіс.

11) Өнім беруші учаскедегі аумағын таза ұстауы қажет. Өнім беруші учаскедегі барлық қоқысты тазартып, жедел түрде тәртіпке келтіріп отыруы тиіс.

12) шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) күннің ішінде тапсырыс берушіге жұмыстардың орындалу кестесін бекітуге ұсынуға міндетті. Жұмыстар тапсырыс берушімен бекітілген жұмыстардың орындалу кестесі бойынша орындалуы тиіс.

Осы Шарт бойынша Тапсырыс берушімен бекітілген жұмыстарды орындау кестесінде жұмыстарды орындау басталуы көрсетілген күн жұмыстардың басталған мерзімі болып саналады.

13) Мердігер Объектідегі жұмыстар өндірісінің қауіпсіздік техникасы үшін толығымен жауап береді.

11. Тапсырыс беруші міндетіне алады:

1) Жұмыстарды орындау үшін Мердігер мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз ету;

2) Шарттың талаптарына сәйкес Мердігердің Шарт бойынша орындаған жұмыстарын қабылдап алуға және ақы төлеу.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі

12. «Өнім беруші» келісім-шарт бойынша жұмыстардың барлығы аяқталғаннан кейін, «Тапсырыс берушіге» жұмыстардың аяқталғаны жөнінде ескертпе-хабарлама береді, «Тапсырыс беруші» келісім шартқа сәйкес жұмыстарды бағалау мақсатында комиссия (қабылдау комиссиясы) тағайындайды. Қабылдау комиссиясы шала істелінген жұмыстардың тізімін құрады және оларды жою мерзімін белгілейді. Шала істелінген жұмыстардың жойылған күні келісім шарттың біткен күні болып табылады. Барлық шиліктерді жою фактісі нысандарды пайдалануға берудің ақырғы қабылдау актісімен анықталады.

6. Кепілдік

13. Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстардың сапалы орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады. Мердігер (қосалқы Мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Мердігер беретін кепілдіктерге кірмейді.

14. Мердігер Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті «3» жыл мерзімге береді.

15. Мердігер орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

7. Тараптардың жауапкершілігі

16. Мердігер тарапынан Жұмыстарды орындаудың Шартпен белгіленген мерзімдері бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды тоқтатуға құқылы.

17. Форс-мажорлық жағдайларды есептемегенде, Мердігер Шартпен қаралған мерзімде Жұмыстарды орындай алмайтын болса, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына залал келтірмей Шарттың шеңберінде мерзімі кешіктірілген әр күн үшін шарттың соммасынан 0,1 (нөл бүтін бір) пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіреді.

Мердігер шартты орындаудан бас тартса немесе Өнім берушінің кінәсінен келісім шарт бұзылса, Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың бағасынан 10 (он) пайыз көлемде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынзыс қосалқы мердігерді тартса немесе қосалқы мердігерге жұмыс көлемінің 2/3 артығын орындауға берсе шарт бағасынан 10 (он) пайыз тұрақсыздық айыбын төлейді.

18. Тұрақсыздықты төлеу Мердігерді Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындаудан босатпайды.

19. Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Мердігердің түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Мердігер Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

20. Мердігер Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай немесе ішінара табыстамауы тиіс.

21. Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарт аясында жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынуы тиіс. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

22. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша мердігердің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

23. Егер Тапсырыс беруші Өнім берушіден Өнім берушінің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектіде жұмыстарды орындаудан алыстатуды сұрайтын болса, «Өнім беруші» мұндай адамды 72 сағат ішінде объектіден кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа ие болмауы тиіс.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

24. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болады.

25. Егер басқа тарап Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратын Шарттың талаптарын едәуір бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Мердігер Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын едәуір бұзу мынаны қамтиды, бірақ санамаланғанмен шектеліп қалмайды:

1) егер Мердігер жұмыстар кестесін орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер Тапсырыс берушінің тоқтатуға рұқсатын алмай 10 күнге дейін жұмысты тоқтата тұрса;

3) Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген негізгі уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстар барысын кідіртуге нұсқама берсе, және осындай нұсқама 15 күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Тапсырыс беруші Мердігерге Тапсырыс берушінің Техникалық бақылаушысы растаған соманы сома расталған күннен кейінгі 3 жұмыс күн ішінде төлемесе;

7) Мердігер жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса.

26. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 10-тармағына сәйкес Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оны кез келген уақытта бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады.

27. Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Объектіден машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды және Объектіні консервациялау құнын төлейді.

28. Жоғарыда санамаланған жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

29. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылады:

1) Заңның 6-бабында қарастырылған шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге Заңда қарастырылмаған ықпал етулер көрсетсе;

30. Егер Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатып, Объектіні консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс беруші тапсыруды қамтамасыз етеді.

31. Егер Мердігердің Шарт талаптарын едәуір бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

32. Шартты тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

9. Форс-мажор

33. Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар, эпидемия, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, сондай-ақ осы Шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындауға бөгет болатын заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық оқиғалар туындаған жағдайда, өзінің міндетіне алғандарды орындау үшін жауапкершіліктен босатылады. Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Оған қоса тарап форс-мажорлық оқиғалардың туындауы туралы жазбаша түрде ескертуі тиіс. Олай болмаған жағдайда бұл оқиғаға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

34. Форс-мажорлық оқиғалар кезінде басқа тараптың өзінің міндеттемелерін орындамауынан шығын тартқан тарап одан осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне тигізген әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық дәлелдерді алуға құқығы бар.

35. Форс-мажор оқиғасы кезінде Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтатады.

36. Егер форс-мажорлық оқиға Шарттың орындалуын бұзатын болса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

10. Даулы мәселелерді шешу

37. Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

38. Егер осындай ресми емес келіссөздер басталғанынан 21 (жиырма бір) күн ішінде Шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Мердігер бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етуі мүмкін.

11. Хабарлама

39. Бір тарап екінші тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама Шартқа сәйкес кейін түпнұсқаның ұсынылуымен хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

40. Күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

12. Басқа да шарттар

41. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуі тиіс.

42. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша жасалса және Тараптардың құзыретті өкілдері қол қойса және мөрмен бекітілсе ғана күші бар есептеледі.

43. Мердігердің таңдауы үшін негіз болып табылатын сапаның өзгермеуі мен басқа жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге болады:

1) жұмыстардың құнын және сәйкесінше шарттың сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісім бойынша;

2) мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қабылданған бұндай өзгерістердің сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса шарттың сомасын көбейту бөлігінде;

3) осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген жұмыс бірлігінің құны өзгермеген жағдайда, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстардан басқа сатып алынатын жұмыстар көлемінің қажеттілігін азайтумен немесе арттырумен байланысты шарттың сомасын азайту немесе көбейту бөлігінде. Осы жұмыстарды сатып алу үшін мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында қарастырылған сомалар шегінде жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты өзгертуге болады.

4) Қазақстан Республикасының салық, кеден және басқа да заңнамасының өзгеруінен болған келесі жылы (жылдары) аяқталу мерзімімен жұмысты орындауға шарттың сомасын азайту немесе арттыру бөлігінде;

5) келесі жылы (жылдары) аяқталу мерзімімен жұмысты орындауға шарттың сомасын азайту бөлігінде;

6) жасалған шарттың сомасы өзгермесе немесе жұмыстардың сметалық құны азаймаса және сәйкес өзгерістер одан кейін мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға енгізілсе мемлекеттік бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыруды өзгерту жағдайында жұмыстарды орындау туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

7) тапсырыс берушінің және (немесе) мердігердің лауазымдық тұлғасына қатысты шартты орындамауға байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда жұмыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде.

44. Шарт бойынша бір Тарап міндеттемелерді екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана бере алады.

45. Шарт бірдей заңдық күші бар 2 данада, қазақ тілінде әр Тарап үшін бір данада жасалды.

46. Шартпен реттелемеген бөліктерде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа алады.

13. Тараптардың деректемелері

«Тапсырыс беруші»	«Мердігер»
«Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. ОҚО Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Исмайлов көшесі, 37. БСН 000140003582 Е/ш KZ39070103KSN5812000 БИК KKMFKZ2A	«СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. ОҚО Сарыағаш қаласы, Театральная көшесі №12 үй БСН 020540005428 Е\Ш KZ488560000006564089 БСК KCJBKZKX
Сарыағаш аудандық қазынашылық басқармасы Аудан әкімінің орынбасары	«Банк Центркредит» АҚ Шымкент филиалы «СБМ и Компания» ЖШС-нің директоры
_____ С.Таскулов	_____ Б.Сыдыкова
М.О.	М.О.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001 жылғы
15 қазан №1328 қаулысымен
бекітілген Нысан

Қабылдау комиссиясының актісі

Сарыағаш қаласы 2015 жылғы «02» 12

2015 жылғы 29 қазан №147 хатын қарап тағайындалған қабылдау комиссиясы
«Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
(қабылдау комиссиясын тағайындаған тапсырыс беруші ұйымының атауы, тапсырыс берушінің тегі,аты,әкесінің аты)
құрамында :

Таскулов Смаил Абубакирович	-	Аудан әкімінің орынбасары, қабылдау комиссиясының төрағасы;
Жүзбаев Досжан Танабаевич	-	Ауданның ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы, қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері :

Кучкарбаев Шүкір Құлжанұлы	-	Сарыағаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарыағаш ауданы су шаруашылығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры ,
Ештаев Сейдахрам Ахайұлы	-	Ошақты ауылдық округінің әкімі,
Тотиков Арын Орынбасарұлы	-	Сарыағаш аудындық мәслихаттың депутаты, (келісім бойынша)
Доспаева Жанна Мұратқызы	-	«Корпорация Асыл – Строй» ЖШС –нің директоры, (келісім бойынша)
Керимов Азамат Марсельович	-	«Марсель – Групп» ЖШС-нің директоры (келісім бойынша)
Сыдыкова Бекзада Малдыбековна	-	«СБМ и Компания» ЖШС-нің директоры (келісім бойынша)

АНЫҚТАДЫ:

1. Бас мердігер, «СБМ и Компания» ЖШС директоры Сыдыкова Б.М «Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» жұмыстары пайдалануға қабылдауға ұсынды.
2. «Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» жұмыстары 2015 жылғы «08» қазан №13 «Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарт негізінде жүргізілген.
3. «Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» жұмыстарын орындаған бас мердігер «СБМ и Компания» ЖШС-ы жүзеге асырды және орындалған қосалқы мердігер ұжымдар жоқ жүзеге асырды.

4. Жұмыстың жобалау-сметалық құжаттамасын « Корпорация Асыл-Строй» ЖШС, ОҚО Шымкент қаласы әзірлеген.

5. «Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» жұмыстары жобасы мен сметалық құжаттамасы ауданның ауыл шаруашылық бөлімі бастығының қолы қойылып, мөрімен бекітілген.

6. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған.

Жұмыстың басталуы 08 қазан 2015 жыл.
(айы және жылы)
Жұмыстың аяқталуы 29 қазан 2015 жыл
(айы және жылы)
«Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» жұмыстарының ұзақтығы,ай; бір ай;

7. Қабылдау комиссиясына мынандай құжаттамалар ұсынылды:

1) 2015 жылғы 08 қазан №13 «Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарт;
2) «Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» жұмыстары жобасы мен сметалық құжаттама ;

8. Пайдалануға беруге ұсынылған объектінің мынадай қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сиымдылық, көлем, өткізу мүмкіндігі, жұмыс орындары, саны және с.с.негізгі көрсеткіштері бар (мақсатты өнімдерге немесе негізгі қызмет көрсету түрлеріне сәйкес барлық объекті (тұрғын үйлерден басқа) бойынша өлшем бірліктерімен толтырылады).

Қуаттылық, өнімділік және т.б.	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		Жалпы (бұрын қабылданғанда рды ескере отырып)	Оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі	Жалпы (бұрын қабылданған-дарды ескере отырып)	Оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі
«Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау»					

9. Жабдық оны қабылдау туралы актіге сәйкес орнатылған :
1) «Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» жұмыстары бойынша гидроқұрылымдар жоқ.

10. Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны :
1) 1 761 210 тенге.

«Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» жұмыстарының шарт бойынша бағасы 1 761 210 тенге.

Қабылдау комиссиясының шешімі :

Қабылдануға ұсынылған «Иригациялық жүйелерді механикалық тазалау» жұмыстары

Пайдалануға қабылдансын.

Таскулов Смаил Абубакирович

Жүзбаев Досжан Танабаевич

Кучкарбаев Шүкір Құлжанұлы

Ештаев Сейдахрам Ахайұлы

Тотиков Арын Орынбасарұлы

Доспаева Жанна Мұратқызы

Керимов Азамат Марсельович

Сыдыкова Бекзада Малдыбековна

Форма №3-КС

Справка

о стоимости выполненных работ за октябрь месяц 2015г.

Заказчик : **ГУ "Аппарат акима Сарыагашского района "**

Подрядчик: **ТОО " СБМ и Компания"**

Договор: **№13 от. 08 октябрь 2015г.**

Наименование объекта: **«Механическая очистка канала Санырау»**

Наименование объектов, комплексов работ	Стоимость выполненных работ			
	С начала года по отчетный месяц		Всего за отчетный период	
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС
1	2	3	4	5
Механическая очистка канала Санырау	**1 761 210**	**1 972 555,2**	**1 761 210**	**1 972 555,2**
в.т.ч. оборудование				
Итого затраты подрядчика	**1 761 210**	**1 972 555,2**	**1 761 210**	**1 972 555,2**
Всего к оплате:	**1 761 210**	**1 972 555,2**	**1 761 210**	**1 972 555,2**

Заказчик:

ГУ "Аппарат акима Сарыагашского района "

Заместитель акима _____С.Таскулов

М.П.

Подрядчик:

ТОО " СБМ и Компания"

Директор _____Б.М. Сыдыкова

М.П.

Форма 2

ГУ "Аппарат акима Сарыагашского района "

Генер : ТОО "Марсель-Групп"

Подрядчик : ТОО " СБМ и Компания"

Наименование работ : «Механическая очистка канала Санырау»

Договор №13 от. 08 октябрь 2015г.

АКТ
приемки выполненных строительно-монтажных работ за октябрь месяц 2015год

N п/п	Шифр и № позиции норматива	Наименование работ и затрат, единица измерения	Коли-чество	Стоимость ед, тенге		Общая стоимость, тенге		Накладные расходы	Затраты труда, чел.-ч, рабочих-строителей	
				Всего	Экспл. машин	Всего	Экспл. машин			
				ЗП рабочих-строителей	в т.ч. ЗП машинистов	ЗП рабочих-строителей	в т.ч. ЗП машинистов	тенге	рабочих, обслуживаю-щих машины	
								%	на един.	всего
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Е0101-24-2	**Срезка грунта под проход экскаватора бульдозерами мощностью 59(80) кВт л.с. При перемещении 2 группы грунтов до 10 м**	1300	9,24	9,24	12018	12018	3785	-	-
		м3			3,00	-	3902	97	0,01	15
2	Е0101-73-17	**Устроиство каналов, дамб обвалования одноковшовыми экскаваторами с ковшом вместимостью 0,4 м3 в грунтах 2 группы**	3538	45,45	43,47	160812	153807	60370	0,01	49
		м3		1,98	15,61	7005	55232	97	0,06	212
3	Е0101--73-17	**Устроиство каналов, дамб обвалования одноковшовыми экскаваторами с ковшом вместимостью 0,4 м3 в грунтах 2 группы**	5407	43,34	41,60	234350	224928	81190	0,01	65
		м3		1,74	13,74	9421	74280	97	0,05	285
4	Е0101-164-2	**Разработка грунта 2 группы вручную в траншеях глубиной до 2 м без креплений с откосами /дороботка грунта вручную после разработки их механизированным способом/**	24	262,72	-	6305	-	7124	1,85	44
		м3		262,72	-	6305	-	113	-	--
5	Е0101-85-5	**Разравнивание кавальеров /отвалов/ бульдозерами мощностью 79 кВт (108 л.с.) при перемещении грунта 2 группы до 10 м**	2604	7,61	7,61	19804	19804	5842	-	-
		м3		-	2,31	-	6024	97	0,01	20
6	Е0101-30-1	**Планировка площадей бульдозерами мощностью 59 (80) кВт (л.с.)**	7980	0,28	0,28	2245	2245	707	-	-
		м2		-	0,09	-	729	97	-	3
		ИТОГО ПРЯМЫЕ ЗАТРАТЫ ПО СМЕТУ	**Тенге**			**435535**				
		Накладные расходы -	Тенге			**159018**				
		Ненормируемые и непредвиденные затраты -	Тенге			**35673**				

ИТОГО ПО СМЕТУ	Тенге			630226				

Итого:	**тенге**	**630 226**
Временные здания и сооружения 4%	тенге	25 209
Итого:	**тенге**	**655 435**
Дополнительная затраты при производтво стройтельно-		
монтажных работ в зимнее время (1,61%)	тенге	10 553
Затраты за выслугу лет (1%)	тенге	6 554
Затраты на дополнительных отпусков (0,4%)	тенге	2 622
Итого:	**тенге**	**675 164**
Итого текущих ценах 2014 года (К= 2,55742)	тенге	1 726 676
Налоги и сборы, обязательные платежи (2%)	тенге	34 534
Итого:	**тенге**	**1 761 210**
НДС (12%)	тенге	211 345
Итого по форме:	**тенге**	**1 972 555,2**

Инженер :
ТОО "Марсель-Групп"

Технадзор _____ Ширданов К

Подрядчик:
ТОО "СБМ и Компания"

Директор _____ Б. Сыдыкова